

Оқу ордасында өткізілген бас қосу



Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының магистратурасында бір мәнді де тағылымды дөңгелек үстел басындағы жиын өткізілді.

Аталмыш іс-шара оқу орнымызға 2014 жылғы 9 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №1287 қаулысымен құрметті

есімі берілген белгілі қоғам және мемлекет қызметкері, ұзақ жылдар бойы Қазақстанның әлеуметтік-мәдени саласының өркендеуі жолында аянбай еңбек етіп, халық құрметіне бөлене білген, Кеңестік дәуірде жасап, әміршіл тоталитарлық жүйе мен коммунистік идеологияның шектеулеріне көне, төзе жүріп өз халқына адал қызмет ете білген жан. Қазақ КСР-ның екі рет ішкі істер министрі болған Шырақбек Қабылбайұлы Қабылбаевтың өмір жолына арналған «Шырақбек Қабылбаев – көрнекті мемлекет қайраткері» тақырыбымен ұйымдастырылып өткізілді.

Дөңгелек үстел жұмысына Академияның магистранттары, біліктілікті арттыру және қайта даярлау институтының тыңдаушылары қатысты.

Бас қосу барысында Академияның магистранттары (А.М.Балтабаев, Қ.М.Асыл, А.Қ.Исергепова, Ж.И.Исахов, Е.У.Нұрмаш, Э.Н.Алтынханов, М.А.Мусин, Р.Р.Сафин) Ш.Қабылбайұлының өмір белестерін кезең-кезеңге бөліп қызықты да, танымы мол баяндамалар жасады. Біліктіліктерін арттыруға Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген Біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтының тыңдаушылары ұлттың ұлы бола білген Шырақбек Қабылбаев жайлы сауалдарын ортаға салып, қызықтырған сұрақтарының жауабын тапты.

Ұлт болашағы үшін адал қызмет атқарған абзал жандар қатары жетерлік. Алайда, шынайы марапат пен құрмет таудаулыларға ғана табысталады.

Есімі ел есінде қалған Ш.Қабылбаевқа арналған осындай бас қосулар одан әрі жалғасып, тыңдаушыларға тәлім берері анық.

Гүлишат Едресова
ҚР ИМ Шырақбек Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясы магистратурасының

аға оқытушы-әдіскері
полиция майоры